

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QAMQ4386>**Қ. П. Жүсіп, Н. Қ. Жүсіпов**

Торайғыров университет,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АБАЙ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

Бұл мақалада қазақтың белгілі ақындары Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сөз шеберлігі, ой үндестігі т.б. жан-жақты қарастырылады. Ақындар өлеңдеріндегі үндестік, жалғастықты сөз еткенде, тақырып орайластығын, идея ұқсастығын айқындаумен шектелмей, суреткерлік шеберлік деңгейлестігін де әйгілейтін белгілерді де арнайы қарастырылады. Ақындардың суреткерлік шеберлікті танытар арналары сан алуан. Соның бірі – сөз мағынасын кеңейту, сөзді ауыспалы мәнде қолдану арқылы тың, тосын тіркестер жасау тәсілі болып табылады.

Кілтіті сөздер: поэма, ақын, қазақ поэзиясы, лирикалық кейіпкер, концепт.

Кіріспе

Қазақ поэзиясындағы реализм дамуындағы ең үздік өлшем Абай шығармалары десек, бұл дәстүрді әрі жалғастырушылар еңбегі де өз алдына сөз боларлық мәнді тақырып. Осы орайда алдымен атар ақындарымыз: Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931), болса, оларға ілесе шыққандар: А. Байтұрсынов (1873–1937), М. Дулатов (1885–1935), С. Торайғыров (1893–1920), М. Жұмабаев (1893–1938), С. Сейфуллин (1894–1938), І. Жансүгіров (1894–1939), Б. Майлин (1894–1938) екендігі белгілі. Соңғы кезге дейін Қазақ лирикасының жиырмасыншы ғасыр басындағы дамуы дегенде, Абайдан кейін бірден Сұлтанмахмұтқа жетіп барып, не болмаса Сәкен мен Ілиястан бір-ақ шығып келсек, мұның бәрін біраз ақындардың тым кеш (1988 жылдан бастап) ақталып, олар туралы арнайы зерттеулердің кейінірек туа бастауынан деп білу керек. Олар: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев. Осы орайда аталған ақындардың біразын ескермеудің олар ақталғаннан кейін де орын алып жүргенін қадап айтқымыз келеді.

Зерттеудің нысаны: қазақ әдебиеттану мәселелері

Зерттеудің пәні: қазақ әдебиетінің тарихы

Максаты: Қазақтың белгілі ақындары Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы ой үндестігін айқындау.

Міндеттері:

Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары арасындағы ой үндестігін т.б. анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазір де Қазақ поэзиясының дамуы дегенде, Абайды атап, ізінше не Сұлтанмахмұтқа, не Сәкенге ат басын тіреумен шектелу аз дей алмаймыз. Сөз жоқ, бір еңбекте бар ақынды қамтып, әрқайсысын ізерлеп қарастыру мүмкін де емес. Әйтсе де, әу дескендей бірер жұмыста ғана емес, көп еңбекте қатарынан дағдылы сүрлеуден шыға алмау, жаттанды ойларды қайталай беру, дәлелденді деген мықтыларды ғана сөз етумен тыну көсегемізді көгертпесі анық. Абай мен Сұлтанмахмұт арасында бір ақын ғана емес, ақындар шоғыры тұр. Сұлтанмахмұттың өлең жазуды 1907 жылдан қолға алғаны, ал шығармаларын баспа бетінде жариялауы 1913 жылдан басталғаны, сол жылы оның «Түсімде» өлеңі «Айқап» журналына шыққаны белгілі. Ал, Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің өлең жаза бастауы ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне дөп келетіні, 1907 жылы Мәшһүр Жүсіптің 3 бірдей поэзиялық кітабы: «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» Қазан қаласында жарық көргені, Шәкәрімнің екі кітабы: «Қалқаман-Мамыр», «Қазақ айнасы» 1912 жылы Семей қаласында дүниеге келгені мәлім. Сонымен бірге А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың алғашқы кітаптары 1909 жылы басылса, М. Жұмабаевтың «Жатыр», «Шын сорлы» өлеңдерінің 1911 жылы; «Жазғытұры», «Бұлбұл» өлеңдерінің 1912 жылы «Айқап» журналында орын алуы Абай мен Сұлтанмахмұт, немесе Абай мен Сәкен аралығындағы ақындардың баршылық екенін дәлелдей алады. Орыс әдебиетінде ұлы ақын А. С. Пушкин қанша марапатталса да, одан кейінгілері де еш төмендетілмей, әрқайсысының әдебиет тарихында өз орны бар екені көрсетіліп отырса, бізде бір ақынды дәріптеу үшін оның екінші бір әріптесін не сүмірейтуге, не елемей ұмыттыруға бейімділік бар тәрізді. Біз бұл жолы Абайдан кейінгі алыптардың ешқайсысын елеусіз қалдырмай, тегіс қамтуды мақсат еттік. Бұл арада ақындардың шығарма жазу, танылу реті де, кейбіреуінің мүлде зерттелмеуі де ескерілді. Соның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүртануда не биікке жеткенімізді бүгінгі өскелең ғылым биігімен сараптасақ, әрине, игергенімізден қол жеткізе алмағанымыз анағұрлым қордалы екенін дәйектер едік Мәшһүртанудың тым кешендеп қолға алынуының себебі – біреу. Ол – кешегі 1917 жылға дейінгі патшалық Ресей саясаты мен ол жүйені өзгертті деген қызыл кеңес басшылары мақсатында бір мәселеде үндестік болуы. Ол – екеуінің біраз арнада, мәселен,

меншікке қатынас жөнінде кереғар болса да, аз ұлт тағдыры мәселесіне келгенде, бір арнаға тоғысуы, яғни екеуінде де орыс тілінен басқа тілді сөз жүзінде ғана қолдап, іс жүзінде оларды тұқырта беру көзделгені. Соның салдарынан да отаршылдық саясатты өз әріптестері арасында неғұрлым өткір түйреген Мәшһүр Жүсіп шығармалары бұрынғы патшалық Ресей билеушілеріне де, кейін оны алмастырған қызыл отаршылдарға да ұнамауы заңды еді. Мәшһүр Жүсіп бұрынғы озбырлардан тірі кезінде қуғын көрсе, кейінгі қаскүнемдерден өлгеннен кейін де жапа шекті. Зұлымдықтың ең биік шыңы – 1952 жылы ол жатқан бейіттің, кесененің, адамдар қолымен бұзылуы еді. Бүгін жариялылық арқасында Мәшһүр Жүсіптің 30 томдай болатын бай мұрасының алғашқы екі томдық таңдамалысы (1990, 1992 ж.) шықты [1]. Содан кейінгі газет, журналдарда жарияланған ақын шығармаларын қоса есептесек, ол да екі томдай материалдарды қамтиды. Бұрыннан әр кезде С. Садуақасов (1919 ж.), Б. Кенжебаев (1958), Ә. Қоңыратбаев (1959), Ы. Дүйсенбаев (1970), Ә. Жиреншин (1971), М. Бөжеев (1972), М. Мағауин (1978), Д. Әбілев (1983), С. Дәуітов (1983–1998), А. Қыраубаева (1988) т.б. еңбектерінде Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығына тиісті баға берілсе, қазір ол туралы арнайы қомақты зерттеулер туа бастады. Мәселен, бір жылда (1998) қорғалған екі ғылыми кандидаттық диссертация Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына арналды. Бұл үлкен істің басы ғана. Алда Мәшһүр Жүсіп лирикасы, оның парсы, араб ақындарынан аудармалары, тарихшы ретінде қалдырған еңбектері, философияға, педагогикаға т.т. қатысты шығармалары – бәрі жеке-жеке арнайы зерттеуді тосып тұр. Міне, Мәшһүртану енді ғана басталды деуіміздің себебі – осы. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің ақындық шеберлігі де енді-енді зерттеле бастағанына назар аудартқымыз келеді. Ол туралы біраз пікірлерімізді бұрынғы мақалаларымызда («Мәшһүр Жүсіп мұрасы жөнінде») Қ. Мұхамедқановпен бірге жазылған // Жұлдыз, 3, 1984ж; «Дерексіз ұғым және заттылық мәселесі» // Жұлдыз, 12, 1990 ж.; «Абай және Мәшһүр-Жүсіп» // Сарыарқа, 5, 1995 ж.) айтқан болатынбыз. Әйтсе де бұл салада да жеткізе алғанымыздан қамтымағанымыз әлі көп екен. Біз осы еңбекте сол дәстүрді әрі дамыту ниетін көздедік. Расында Мәшһүр-Жүсіп ірі суреткер ақын ба, жоқ, қатардағы көптің бірі ме деген дұдамал ойда қалмас үшін біраз сауалдарды өзіміз қойып, соған жауап беруіміз керек. Ақын шеберлігі дегенде, алдымен әлем әдебиеті биігімен қарап, Еуропалық келісті сурет пен нақты сезім сұлулығына негізделген поэзия бар да, шындықты көркем жинақтаудың өзіндік түрлерін тудырған, тұспалдау аясын да, сөз мағынасын да көп кеңейткен шығыстық поэзия бар екенін межелегеніміз жөн. Сонда біраз үстірт қараушылар пайымдауындағыдай, «дидактикалық», яғни жалаң ақыл үйретуге ғана құрылған, демек көркемдігі жүдеу тартуы мүмкін екінші сортты әдебиет емес, Еуропалық үлгіге ұқсамауымен

де шындықты бейнелеудің өзіндік бір асыл үлгілерін тудырған шығыс поэзиясын шала ұғынудан, кеміте бағалаудан құтылар едік. Міне, салғырттық, біржақтылықтан арылған көзбен бағамдап, Мәшһүр Жүсіпті Еуропалық емес, шығыстық поэзия дәстүрін жалғастырушы ретінде қарастырсақ, ерекшелік біткенді кемшілік, төмен қолдылық деп мұрын шүйірушілердің көзін ашар едік. Сонда әлемдік поэзияның алдымен әспеттелген қазынасына – кешендеп ілтипатқа алынған, бұрын елеусіз қалдырылған жабық асылдары да қосыла жарқырауына негіз қаланар еді. Өмірдің сан сырлы болатыны тәрізді суреттеу тәсілдерінің түрлішелігі әлемдік поэзия бағын көркейтіп, біріндегі жоқты, не азды екіншілері толықтырып, сол арқылы бір-біріне игі ықпал етіп, дамып келе жатқанын біз енді-енді дәйектей бастадық. Сол деңгеймен межелесек, Мәшһүр Жүсіптің шындықты көркем жинақтаудың өзіндік түрін тудырып, ұғым мәнін, сөз мағынасын кеңейтіп, поэзия жүгін салмақтандыра түскенін зерделеуге жол ашамыз.

Ақынның 1907 жылы Қазанда басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабындағы мына бір жолдарға үңілейік:

Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде,

Көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан.

Сырғытып қоныс – жайдан поселкелер,

Қасынан өткен жанды табандатқан [1, 32].

(Ескерту: бұл жолы да, бұдан кейінгі үзінділер де Мәшһүр Жүсіптің 1990 жылғы «Ғылым» баспасынан шыққан таңдамалысының бірінші томы бойынша беріледі де, әрі қарай тек беті ғана көрсетіліп отырады – Қ.Ж.)

Осы үзіндідегі «түн» сөзі отарлаудың, қысымның нышан белгісі (символы) екені, үшінші, төртінші жолдардағы поселкелердің халықты ежелгі қоныс-жайынан сырғытуын баяндауы тұсында айқындала түседі. Сондай-ақ «қараңғы» сөзі «түн» арқылы берілген езгінің қаншалық ауқымды екенін межелеуге арналған көріктеуіш (эпитет) болса, «ұзын» сөзі әрі отарлау нышаны «түн» сөзінің, әрі сол отарлауды қалыңдата түскен «қараңғы» көріктеуішінің шарпуына бөленіп, өз мағынасын, яғни ұзындық, ұзақтық мөлшерін анықтауды көп кеңейткенін байқаймыз. Атап айтқанда, мұнда «ұзын» сөзі кеңістік, не зат сипатын ашарлық (ұзын жол, ұзын ағаш) өлшемге сыймай, одан көп кең уақыт ұзақтығын қоса қамтып тұр. Сол арқылы «ұзын» көріктеуіші «түн», «қараңғы» сөздеріне өз жарығын түсіріп, олардың мағынасын өрбіте түсуге қызмет етуде. Тағы да сол шығармаға көңіл бөлейік:

Әркімнің өз пайдасы – ойлағаны,

Тереңге түсіп жатыр бойлағаны.

Бостандық деген сөзді жоқ қлам деп,

Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны [1, 33].

Келтірілген мысалдағы «тереңге» сөзінің мағынасы – кең. Әдетте «бойлап түсу» тек терең өзенге, не көлге т.т. байланысты қолданылатынын бағамдасақ, мұнда соншалық бойлау табиғаттағы емес, өмірдегі тұнғыықтық, белгілі бір мақсатқа жету алыстығы, тереңдігі, екені анық. Сонда тура айтылған «әркімнің өз пайдасын» ойлауын (бірінші тармақ), ишараттап жеткізілген бойлаушының «тереңге» түсуін (екінші тармақ) келтіргесін, үшіншіде қайталап тура баяндауға («Бостандық деген сөзді жоқ қылам деп») арқа сүйеу жүзеге асқан. Ал, шумақ соңында (төртіншіде) тағы да көркем тұспалдап жинақтау қолданылады: халықты езуші аш бөрі түрінде алынып, оның «жеуден тоймағаны» ескертіледі. Сөйтіп біресе тура айту, біресе меңзеуді алма – кезектестіру арқылы ақын өмірдегі бейғамдық пен озбырлықтың бір-бірімен қаншалық байланысты екеніне көңіл бөлгізген.

Осы орайда алдымен Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармалары арасындағы үндестікті, қазақ поэзиясы шыңы Абай дәстүрін Мәшһүр Жүсіптің қалай жалғастырып дамытқанын арнайы сөз студі жөн көрдік. Расында да Абай мен Мәшһүр Жүсіп туындыларын зерттегенде, екі ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндестікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты т.б. көреміз. Абайдың да, Мәшһүр Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны мәлім. Осы орайда ең бірінші екі суреткердің сол кезде етек алған кеселдің бірі өтірікті шенеуін алайық:

1. Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап [2, 91]
2. Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу [2, 194].
3. Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.
Бірін – торғай, біреуін бөдене ғып,
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр [1, 76].

Қорытынды

Зерделесек, Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Сонымен бірге мұнда күн көрісі негізінен алғанда, мал өнімдерін көдеге жарату, жүн сабау, киіз басумен байланысты болған қазақ тіршілігіне, танымына неғұрлым жақын баламаны, демек ұлттық өрнекті, пайдалану жүзеге асқан. Сөйтіп әрі дерексізді заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр Жүсіптен де көреміз. Мәселен, келтірілген үшінші мысалда дерексіз ұғым «өтірік» деректі өртке баланады. Ақын өтірікті көзге неғұрлым айқын

шалынатын өртке теңеумен шектелмей, оның өршіген нақты бір сипатымен, лаулап жанумен салыстырады. Өрттің лаулап жануын, демек өтіріктің қаншалық өріс алғанын көрсеткесін барып, ақын соған алданушылардың мүшкіл халін ашарлық баламалар енгізеді. Ессіз жұрттың «көбелектей» өртке баруы (2-тармақта) әрі адамдардың аңқаулығын, қаншалық алдануын (көбелек, әсіресе түнгі отқа өзі барып ұрынып, күйіп жатады ғой) әйгілесе, әрі өрттің де сонша жандарды тұмшалайтындай кесапаттығы дәлелденеді. Шумақтың соңғы тармақтарындағы: «Бірін – торғай, біреуін бөдене ғып, // Өзімен-өзін жаулап» алып жатқаны да өтіріктің қаншалық зорайғанын, сол арқылы билік иесі Патшалық Россияның отарлау, елді бөлшектеу, тоздыру саясатының өрістеуін аша түседі.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы. Екі томдық. Т. 1 – Алматы : Ғылым, 1990. – 273 б.
- 2 Абай. Шығармалары. Т. 1 – Алматы : Ғылым, 1977. – 454 б.
- 3 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш [Мәтін] – Алматы : Атамұра, 2003. – 206 б.
- 4 **Әуезов, М.** Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 428 б.
- 5 **Жұмалиев, Қ.** Әдебиет теориясы. – Алматы : Мектеп, 1963. – 223 б.
- 6 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.
- 7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Мектеп, 1976. – 374 б.
- 8 **Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік : Монография. – Павлодар : ЭКО, 2011. – 442 б.
- 9 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы, 1962. – 211 б.

References

- 1 **Kopeev, M. Zh.** Tańdamaly. Eki tomdyq. T. 1 [Selected works. In two volumes. Vol. 1]. – Almaty : Gylym, 1990. – 273 p.
- 2 Abai. Shygarmalary. T. 1 [Abai. Compositions. Vol. – 1]. – Almaty : Gylym, 1977. – 454 p.
- 3 **Baitursynuly, A.** Literary critic. Ádebiyet tanytqysh [Text] – Almaty : Atamura, 2003. – 206 p.
- 4 **Ayevov, M.** [Time and literature] Ýaqyt jáne ádebiyet. – Almaty, 1962. – 428 p.
- 5 **Zhumaliev, Q.** [Literary theory] Ádebiyet teoriyası. – Almaty : Mektep, 1963. – 223 p.

6 **Akhmetov, Z.** Óleń sózdiń teoriyası [Theory of the poetic word]. – Almaty : Mektep, 1973. – 212 p.

7 **Kabdolov, Z.** Sóz óneri [The art of the word]. – Almaty : Mektep, 1976. – 374 p.

8 **Zhussip, K. P.** Qazaq ırıkasındaǵy stıl jáne beınelilik [Style and figurativeness of kazakh lyrics]. Monograph. – Pavlodar : ECO, 2011. – 442 p.

9 **Duisenov, M.** Ádebiettegi mazmun men formanyń birligi [Unity of content and form in literature]. – Almaty, 1962. – 211 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

К. П. Жусип, Н. К. Жусупов

Машхур Жусип и Абай

Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье подробно рассматривается словесное мастерство известных казахских поэтов Абая Кунанбаева и Машхур Жусип Копеева. Многогранное наследие Абая Кунанбаева и Машхур Жусип Копеева настолько велико, что вряд ли можно рассчитывать на исчерпывающее его исследование и освещение в ближайшие десятилетия. Предпринятое исследование в данной статье доказывает, что творчество Абая Кунанбаева и Машхур Жусипа можно оценивать как немаловажный этап в процессе продолжения и развития традиций мировой поэзии. Поэт в своих стихотворениях говорит о гармонии, непрерывности речи, тема не ограничивалась определением, сходством идеи, а также спецификой художественного выравнивания. Существует множество направлений которые показывают художественное мастерство поэта. Одним из них является способность создавать новые, удивительные словосочетания, используя переносное значение слова.

Ключевые слова: поэма, поэт, казахская поэзия, лирический герой, концепт.

K. P. Zhussip, N. K. Zhussipov

Mashkhur Zhussip and Abai

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 18.09.20.

This article discusses in detail the verbal skills of famous kazakh poets Abai Kunanbayev and Mashkhur Zhussip Kopeyev. The multi-faceted legacy of Abai Kunanbayev and Mashkhur Zhussip Kopeyev is so great that it is hardly possible to expect an exhaustive study and coverage of it in the coming decades. The research undertaken in this article proves that the work of Abai Kunanbayev and Mashkhur Zhussip can be evaluated as an important stage in the process of continuing and developing the traditions of world poetry. The poet in his poems speaks about harmony, continuity of speech, the theme was not limited to the definition, similarity of the idea, as well as the specifics of artistic alignment. There are many works that show the artistic skill of the poet. One of them is the ability to create new, amazing word combinations using the figurative meaning of the word.

Keywords: poem, poet, kazakh poetry, lyrical hero, concept.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz